

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚАЙНАР УНИВЕРСИТЕТІ



**«ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ДАМЫТУДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ РӨЛІ»
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ**

МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 СӘУІР 2013 ЖЫЛ

АЛМАТЫ Қ-СЫ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖВУЗОВСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«РОЛЬ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ

В РАЗВИТИИ ИННОВАЦИЙ»

26-27 АПРЕЛЯ 2013 ГОДА

Г. АЛМАТЫ

4. Федулєнкова Т.Н. Английская фразеология: Курс лекций. – Архангельск, 2000, 192 с.

5. Уорелл А.Дж. Английские идиоматические выражения. – М.: Художественная литература, 1999, 117 с.

ХАЛЫҚ МҰРАСЫ – М.ӘУЕЗОВ ДРАМАТУРГИЯСЫНДА

Мұхаметқалиева Г.Ө., ф.ғ.к., профессор,
Орлова Б.К., магистр

XX ғасырдың басында орын алған саяси өзгерістің еліміздің рухани тыныс-тіршілігі, әдебиеті мен мәдениетінде де көрініс тапқаны аян. Әдебиет жанару, түлеу шағын басынан өткеріп, бұған дейін тарихында болмаған әдеби жанрлардың тұсауы кесілді, көне Грецияда сан мыңдаған жылдар бұрын пайда болған театр өнері қазақ даласында да өмірге келді. 1917 жылдарға дейін қазақ жерінде орыс, татар өнер труппалары қалыптасып, олармен үзенті қағыстыра қазақтан шыққан зейінді жастар да сахна жасауға талпынса, М. Әуезов те бұл кездері театрдың дәндері егілген дәстүрлік ерекшеліктері мен театр өнері дамып, қалыптасып іргелі елдер тәжірибесін ұштастыра, байланыстыра отырып сапалы да бағалы туынды жасауға ден қойған еді. Бұл талпынысын шындай отыра қазақтың бай дәстүрі мен ұлттық қасиеті айырықша көрсетілген, мақтау мен сүйсінуге лайық мәні мен маңызы биік шығармаларын дүниеге әкелді. Ұшқыр ойлы дарын иесі алғашқы драмалық шығармалары арқылы-ақ қазақ әдебиетіне жаңа жан түрін енгізіп, ұлттық драматургияның негізін қалады.

С. Мұқановтың: «Қазақ әдебиетінде драматургия жанры тек Мұхтар Әуезов ғана ашқан жаңалық» – дегені ұлы тұлғаның драматургтік қасиетінің шынайы бағасы. Қазақ жерінде сахна өнерінің қағазын қадап, оның ілгері дамуына барша ықыласын салған.

М. Әуезов, Софокл, Шекспир трагедияларынан, Аристофан комедияларынан үлгі алып, ұлттық санамызға, әдет – салтымызға сай өмірлік тарихи деректерге толы драмалық шығармалар жазды. Әуезовтың шығармашылықта шәкірттік шағының болмағанына – қазақтың қасиетті қазынасына, мақтанына айналған үлгі туындылары «Еңілік – Кебею», «Бәйбіше – тоқал», «Ел ағасы», «Қарақөз», «Хан Кене», «Айман – Шолпан», «Абай». пьесалары дәлел. Қазақ даласында М. Әуезовке дейін шебер драматург те. режиссер да болмаған, оның үлгі алар тұнық бастауы туған топырағының бай дәстүрі, аңызы, әңгімесі, ертегісі, ұлы Абай өскен ортаның даналығы. Мұның

өзін хас дарынның қайсар өр мінезі, ой-қиял ұшқырлығымен үндесіп, балаң шәкіртті үлкен тұлға дәрежесіне көтерді.

М. Әуезов драмалық шығармалары ерекше мәнімен де, тың аялшылығымен, адамгершілік рухани қасиеттерінің басымдылығымен халық жүрегіне жол тапты. Бұл жөнінде Ғ. Мүсірепов: «Қазақ драма театрының шымылдығын «Еңілік-Кебек» ашса, музыкалық театрымыздың шымылдығын 1934 жылы «Айман-Шолпан» ашты, бұл екеуі де кездейсоқ емес еді. Бұл ұстада аяқтанып қалған драматургиямызды іріктеп келгенде театр шымылдығын ашуға ең толымдысы Мұхтардың шығармалары болған» - деген еді.

Алғашқы драмалық шығармасы «Еңілік-Кебектің» екі дүниенің өзбұрылығына қарсы айтылған уығтты сынын шығарма авторының драматургтік талаптың жарқ еткен бірінші көрінісі деп атап көрсетілгенімен, Кеңестік дәуір сыны М. Әуезовтің қазақ драматургиясының негізін қалағандығын толық мойындай қоймады. Сөйтіп, Абай жерінде, Абай ұрпағының үлкен тойында қазақтың сахна өнерінің тұсауы кесілгені назардан тыс қалды. Сонымен қатар 1967 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихы» кітабында Әуезовтың шығармаларының осал жағы: «Ол тұтызған жаңа заман шындығын, ұлы өнерістердің заңдылығын дұрыс және жете жете түсінбеген автордың дүниетану тұрғысының тиянақсыздығы, саяси-идеалық көзқарқының қайшылығы. Бұл жағдай дарынды жазушының құлашын кең жайып, өмір материалын терең қопарып, социалистік реализм аясында шыншыл шығарма тұтызуына бөгет жасамай қойған жоқ» - деген сын айтылады.

Жазушы шығармашылық жолының алғашқы қадамдары жөнінде: «Сырлы әдебиетке кірісуді пьеса жазудан бастадым» - деп жазған еді өз өмірбаянында.

Сол алғашқыды сәтті пьесасы – Абайдың немересі Ақыштың ұзатылуы тойында Айгерімнің аулында Ойқұдықта қойылған. Қазір Ойқұдық басында орнатылған ескерткіште: «1917 жылы 7 маусымда қазақ халқының сахна шымылдығы тұңғыш рет киіз үйде, осы Ойқұдықта «Еңілік-Кебек» пьесасымен ашылды. Пьесаны қойған автордың өзі - Мұхтар Әуезов» - деген сөздер жазылған.

Қиындықтың басы салт-ғұрыптан басталды. Ауылдың қыз балалары жұрт арасында сахнаға шығудан үзілді-кесілді бас тартады. Сонда Еңіліктің рөлін Әуезовтың кенжесі, автордан 12-ақ үлкендігі бар, көрікті де сыпайы мінезді немере ағасы Ахмет ойлануға мәжбүр болды. Ал Мұхтар қаланың спектакльдерін көп көріп жүргендіктен және мұндай ойын туралы түсінігі мол болғандықтан, бұл спектакльдің авторы ғана емес, оның үстіне қоюшы - режиссері міндетін де атқарады. Сандықтың ішіне жасырынып отырып отырып, «уфлері де болады».

Мұхтар Әуезовтың өзі де осы кезде үйленген екен. Бұл оқиғалар туралы